

- регулирование прожиточного минимума в соответствии с уровнем потребительских цен и последовательное приближение минимальной заработной платы к прожиточному минимуму;
- усиление мер социальной защиты малоимущих слоев населения.

1. Государственная Программа по осуществлению Стратегии Занятости Азербайджанской Республики на 2011-2015 годы, 15 ноября 2011 года

2. Государственная Программа снижения бедности и продолжительного развития в Азербайджанской Республике в 2008-2015 годах, утвержден Указом Президента Азербайджанской Республики за номером 3043 от 15 сентября 2008 года.

3. Гусейнов М.Дж. Проблемы устойчивого развития аграрной отрасли. Баку: Нурлар, 2006, 303 стр.

4. Мехбалиев С.С., Искандеров Р.К. Рынок труда и социальная защита населения. Баку: Чашыоглы, 2002, 544 стр.

5. www.azstat.org

6. www.economy.gov.az

Recent year welfare of population in the Republic of Azerbaijan has changed significantly. The article deals with current social policy, state programs on poverty reduction, increasing employment level, wages, salaries and other social-economical issues.

ӨОЖ 631.10.10

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МЕХАНИЗМІН ҚАРЖЫЛЫҚ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

PROBLEMS OF FINANCIAL REGULATION OF THE ECONOMIC MECHANISM OF AGRICULTURE

Егізбаева Г.К.

G.K. Egizbaeva

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

Аннотация Мақалада ауыл шаруашылығының экономикалық механизмін қаржылық реттеу проблемалары қарастырылған. Аграрлық секторды мемлекеттік қаржыландыру жүйесінің ерекшеліктері қарастырылған. Қазақстан экономикасының аграрлық саласын қаржыландыру бойынша ұсыныстар жасалған.

Агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамыту, мемлекетті азық-түлікпен қамтамасыз ету және оның бағасын тұрақтандыру үшін ауыл шаруашылығының экономикалық жағдайын жақсарту қажет. Қаржы дағдарысы кезінде ең алдымен елдегі азық-түлік бағаларының өсуін байқауға болады, соған байланысты азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығының жағдайын жақсартуға мемлекеттік қолдау қажеттілігі пайда болады.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «Азық-түлікке деген қажеттілік әлемде жыл сайын өсе беретін болады. Бізге бұл мүмкіндікті жіберіп алуға болмайды. Қазақстанның аграрлық секторы үлкен экспорттық мүмкіндіктерге және инновациялар енгізу үшін жоғары әлеуетке ие» деп айтылған [1]. Осы тұрғыда агроөнеркәсіптік өндірісті реттеудің тиімді жүйесін қалыптастыру мәселесі ерекше ауқым алады, ол өз кезегінде пайдаланушы және туындаушы реттеу көздерін әрі қарай жүйелендіру мен нақтыландыруды, аграрлық

секторға қаржы түсірудің жаңа мүмкіндіктерін анықтайды. Қазіргі жағдайда мемлекеттің қабылдаған шаралары аграрлық нарықтың негізгі субъектілері арасындағы экономикалық қатынасты реттеу жүйесінің тиімділігін көрсетпейді.

Нарықтық экономикаға өту терең құрылымдық және әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асырумен тікелей байланысты. Реформа тұрғысынан тұрғындарды сапалы тамақ өнімдерімен және олардың жалпы әлеуметтік жағдайының көтерілуін, елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолға қойылады. Тұрғындарды жоғары дәрежеде азық-түлікпен, өнеркәсіпті шикізаттармен қамтамасыз ететін агроөнеркәсіп кешенінің негізгі саласы – ауыл шаруашылық өндірісі әлі де болса дағдарыстан толық шыға қойған жоқ.

Тиімділігі жоғары агроөнеркәсіп кешенін құру экономикалық тұрақтылықты, тұтынушылардың қажеттілігін толыққанды қамтамасыз етіп қана қоймай, олардың материалдық әл-ауқатын әрі қарай көтерудің негізгі алғышарты болып табылады.

Аграрлық өнеркәсіптің дамуы әлемдік экономиканың кеңейген интеграциясы мен жаһандану жағдайындағы еліміздің азық-түлікпен қамтылу қауіпсіздігіне бағытталуы тиіс. Осы орайда, соңғы аграрлық ғылыми жетістіктерді барынша пайдалану арқылы технологиялық қайта жабдықтау есебінен отандық тауар өндірушінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру келелі мәселе болып табылады. АӨК даму тенденциясына қарамастан, тез арада шешім қабылдауды қажет ететін мәселелер аз емес.

Қазіргі таңда қалыптасқан шаруашылық жүйесі өнеркәсіптің қарқынды дамуына кедергі келтіріп отыр: көп қаржы жұмсатып, құрылымдық өзгерістерді ынталандырмайды, сонымен қатар, бұл жүйе өнеркәсіптің дамуындағы өндірушілерді және өңдеуші кәсіпорындарды шикізатты кешенді өңдеуімен қызықтыра алмайды. Шаруашылықтың хаостық байланыстары, ауыл шаруашылық тауар өндірушілердің экономикалық және құқықтық қорғансыздығы, ауыл шаруашылық өнімдерді тұтынушыларға жеткізу жолдарын негізсіз қысқарту кәсіпкер субъектілерінің өндіріс саласындағы және АӨК өнімдерін қайта өндіру мен іске асыруындағы арақатынасын қиындатады [2].

Жүргізілген теориялық зерттеулер бізге мемлекеттік реттеудің экономикалық механизм жүйесі көп этапты және бірқалыпты (біркелкі) мемлекеттік реттеудің экономикалық механизм жүйесі екендігін көрсетуге мүмкіндік берді.

Экономикалық механизм - шаруашылық механизмі мен ұйымдастырушылық - экономикалық қатынас түрлерінің бөлігі, оның мағынасы өнім өндіруге әрекет жасаушы әртүрлі әдістердің қатынасының дұрыстығын анықтауға бекінеді (оның ішіне баға және қаржылау-несиелеу механизмі, салық пен сақтандыру жүйесі, АӨК инвестициялау мен бюджеттік қолдау да кіреді).

Экономикалық механизмнің қайта құрылу мәселесі экономикалық дамудың объективті және субъективті факторларымен, халық санасының дамуын анықтаумен, қоғамның экономикалық жүйесінің даму концепциясын қалыптастыру мен жасақтауға байланысты болу керек.

Тиімділікке баға және қаржылау-несиелеу механизмі қатынасының, салық және сақтандыру жүйесінің, АӨК инвестициялау мен бюджеттік қолдау көрсетудің бірқалыптылығы кезінде ғана қол жеткізіледі.

Экономикалық механизмнің құрылымдық құраушысы оның негізі болып табылады. Сондықтан, баға мен қаржылық-несиелеу механизмдерін, салық пен сақтандыру жүйелерін, ауыл шаруашылығындағы инвестиция мен бюджеттік қолдауды қарастыру, арнайы ғылыми зерттеу жүргізуге лайық деп есептейміз.

Жалпы экономикалық реформа жүргізу кезінде АӨК-нің қаржы жүйесінде терең өзгерістер жасалды. Бұл өзгерістер ең алдымен мемлекет және ауыл шаруашылығы арасындағы қаржылық қарым-қатынас механизмін қозғады. Бұрынғы қаржылық қатынас жүйесі толығымен бұзылып, аграрлық секторға қолдау көрсететін жаңа мемлекеттік жүйені қажет етті, орталықтандырылған несиелеу механизмі жүйесі өзгерді.

Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілердің қаржылық жағдайы экономикадағы баға құрылымының өзгеруіне және басқа да бірнеше факторларға байланысты құлдырады. Көп ұзамай, АӨК қаржы қорына өтуіне жаңа мүмкіндіктер беретін нарықтық инфрақұрылым жүйесі құрыла бастады. АӨК қазіргі заманға байланысты қаржыландырудың негізі «Агроөнеркәсіптік өндірісті мемлекеттік реттеу туралы» заңға сәйкес анықталады [3].

Заңда көрсетілген мемлекеттік қаржылық қолдаудың негізгі бағыттарын сызба түрінде көрсетуге болады (сурет 1).

Агроөнеркәсіптік өндірісті дамытуға бюджеттен қаражат бөлуді негізгі үш бағыт бойынша қарастырады: мемлекеттік мақсатты бағдарламаны жүзеге асыру, ауылшаруашылық өндірісті тікелей бюджеттік қолдау және сақтандыру.

Заңға сай агроөнеркәсіптік өндірісті дамытуға бөлінетін бюджеттік қаржы:

- инвестициялық қызметті қолдау, оның ішінде жаңа техника мен құрал-жабдықтарды алу, асыл тұқымды жануарлар мен сортты дақылдарды дәндерді мақсатты бағдарламаға сәйкес алу;
- топырақтың құнарлылығын арттыру және жақсарту шараларын жүргізу, ауылшаруашылық дақылдар зиянкестерімен күресу жұмыстарын жүзеге асыру, жануарлардың аса қауіпті жұқпалы ауруларының алдын алу, жою, онымен қатар қоршаған ортаны қорғау және ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- кадрлар біліктілігін арттыру және дайындауды ұйымдастыру;
- өтем ақы, жәрдем ақының түрлері (әлеуметтік, несиелік жәрдемақы).



Сурет 1 - Аграрлық сектордағы АӨК мемлекеттік қаржыландыру жүйесі

Экономикалық механизм реформаланудың әр сатысында құрылудың позитивті және негативті тенденциясына байланысты жаңа мазмұндармен толықтырылып отырылады.

Негативті тенденция біріктіру және жұту түрінде көрініп, яғни аграрлық экономиканы дамытудың қалыпты жұмысын бұзады.

Позитивті тенденция аграрлық саясаттың нәтижелігін бағалауға мүмкіндік беріп, жұмыс атқарушы заңнамалық актілердегі кемшіліктерді, әсер етудің әртүрлі әдістері мен оптималды қатынастарды анықтайды.

Ауыл шаруашылығын реттеудің экономикалық механизмін дамытудың тарихи тенденциялары мен ерекшеліктерінің талдауы қаржылық механизмді жетілдіру және өз бетімен реттеу механизмінің нарығына әсерін тигізу үшін жүргізілген экономикалық жаңартулар мен өзгертулер жеткіліксіз болып шыққанын көрсетті.

1. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты»// Егемен Қазақстан, - 29 қаңтар 2012ж.

2. Кужиев Б.С. Қазақстандағы ауылшаруашылық өнімдерін шығаратын бәсекеге қабілетті ауылшаруашылық тауарларын шығарушыларға мемлекеттік қаржылық қолдау көрсету//КазЭУ хабаршысы, 2008, № 3.

3. Агроөнеркәсіптік өндірісті мемлекеттік реттеу туралы ҚР-ның заңы.

В статье рассмотрены проблемы финансового регулирования экономического механизма сельского хозяйства. Рассмотрены особенности системы государственного финансирования аграрного сектора. Разработаны предложения по финансированию аграрного сектора экономики Казахстана.

In article problems of financial regulation of the economic mechanism of agriculture are considered. Features of system of public financing of agrarian sector are considered. Offers on financing of agrarian sector of economy of Kazakhstan are developed.

ӘОЖ 631.10.10

МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІНІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ДАМУ МЕХАНИЗМІ

THE MECHANISM OF DEVELOPMENT OF FINANCIAL STABILITY OF AGRO-INDUSTRIAL COMPLEX IN SYSTEM OF STATE REGULATION

Егізбаева Г.К.
G.K. Egizbaeva

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

Аннотация Мақалада мемлекеттік реттеу жүйесіндегі агроөнеркәсіп кешенінің қаржылық тұрақтылығы мен даму механизмі қарастырылған. Агроөнеркәсіп кешенін қолдау бойынша ұсыныстар жасалған.

Қазіргі ауылшаруашылық мекемелерінің қаржылық жағдайы мемлекет тарапынан көмекті қажет етеді. Осыған байланысты ауылшаруашылық мекемелерін несиелеу және салық салу мәселелері қарастырылып, ауыл шаруашылығын қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарлама қабылданған.